АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ЖЫЛЫОЙСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

2024 жылғы 15 сәуір № 99
Құлсары қаласы

город Кульсары

Ауданның аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға резервтен қаражат бөлу туралы

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіпен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 33 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» қаулысына және Жылыой ауданы әкімінің 2024 жылғы 04 сәуірдегі №8 «Жылыой ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешіміне сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жылыой ауданы экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі 012 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві» 100 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының төтенше резерві» бағдарламасынан:

- 122 «Жылыой ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесіне 106 «Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасына 20 000,0 (жиырма миллион) теңге;

- 454 «Жылыой ауданы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне 106 «Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасына 200 000,0 (екі жүз миллион) теңге;

- 492 «Жылыой ауданы тұрғын – үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне 106 «Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның

002806

төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасына 543 000,0 (бес жүз қырық үш миллион) теңге;

- 486 «Жылыой ауданы жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне 106 «Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасына 37 000,0 (отыз жеті миллион) теңге қаражат Жылыой ауданы аумағындағы төтенше жағдайларды жоюға және келтірілген залалдарды қалпына келтіру жұмыстарына барлығы 800 000,0 (сегіз жүз миллион) теңге бөлінсін.

2. «Жылыой ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Жылыой ауданы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Жылыой ауданы тұрғын – үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Жылыой ауданы жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулының 1-тармағынан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Сармановқа жүктелсін.

Аудан әкімі **Ж.Қаражанов**